

☑ Университет тынысы

БАТЫС АЙМАҚТА ЖОҒАРЫ БІЛІМ САЛАСЫНДА АЛҒАШ РЕТ – ASIIN АККРЕДИТАЦИЯСЫ



Физика-математика факультетінің білім беру бағдарламалары инженерлік, жаратылыстану және математикалық білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету саласындағы Еуропадағы жетекші агенттіктердің бірі – ASIIN (Германия) агенттігі тарапынан халықаралық аккредитациядан сәтті өтті.

3-4 желтоқсан аралығында жүргізілген сараптама барысында оқу бағдарламаларының халықаралық стандарттарға сәйкестігіне және білім беру сапасына жан-жақты талдау жүргізіліп, физика және математика білім беру бағдарламалары жеке кластер ретінде қарастырылды. Әр кластер құрамында University of Vechta, Leibniz University Hannover, Regensburg University of Applied

Sciences, Koblenz University of Applied Sciences, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті және Назарбаев Зияткерлік мектебі өкілдері болды.

Аккредитация рәсімі шеңберінде университеттің 6B01512 – Физика, 6B05301 – Физика, 7M01502 – Физика, 7M05301 – Физика, 8D05301 – Физика, 6B01501 – Математика, 6B05401 – Математика, 7M01501 – Математика, 7M05401 – Математика, 8D05401 – Математика білім беру бағдарламаларының мазмұнын, оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін, профессор-оқытушылар құрамының ғылыми әлеуетін, сондай-ақ материалдық-техникалық және ғылыми-зерттеу инфрақұрылымын қамти-

тын кешенді сыртқы аудит жүргізілді. Профессор-оқытушылар құрамының ғылыми әлеуетінің жоғары деңгейі, жарияланымдық белсенділігі және халықаралық ғылыми жобаларға қатысуы атап өтілді.

Білім беру бағдарламаларының халықаралық аккредитациядан сәтті өтуі – оқу орны қызметінің жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын және халықаралық сапа талаптарына толық сәйкес келетінін көрсетеді. Бұл жетістік университеттің жаһандық білім беру кеңістігіндегі бәсекеге қабілеттілігін арттырып, оның халықаралық академиялық қауымдастықтағы беделін нығайта түседі.

Еркеназ Сейтқалиева

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады. Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі: ҚР ҒжЖБМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы-Ректор Лаура Қарабасова

Бас редактор Жадыра Арэн

Аудармашы Айттолқын Әмірхан

Дизайнер: Айнұр Тлешова

Фотограф: Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы: 030000, Ақтөбе қаласы, Ә.Молдағұлова даңғылы, 34 М.Арын атындағы бас ғимарат

E-mail: press@zhubanov.edu.kz
Сайт: <http://zhubanov.edu.kz>

Facebook: ZhU oblystyq gazetі

Таралымы: 5000 дана

Газет университеттің «Жұбанов» баспасында басылды

№5 (520)
20 мамыр
2026 жыл

Zhubanov University

Облыстық ақпараттық-танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

Түркиялық жас зерттеуші Жұбанов университетінде білім алуда

Түркияның Анкара қаласындағы Қажы Байрам Уәли университетінің студенті Серхат Өзтүрік академиялық ұтқырлық бағдарламасымен Жұбанов университетінің филология факультетінде білім алып жүр. Ол түрік тілінен бөлек, қазақ, қырғыз тілдерін меңгерген.

Серхат аудармамен айналысып, өлеңдер жазады. Оның бірнеше кітабы жарық көрген. Қазіргі таңда ол Шәкәрім Құдайбердіұлының мұрасын зерттеп, түрік оқырмандарына таныстыру бағытында еңбек етуде.

МАҚСАТЫМЫЗ –
Өңір педагогтеріне
әдістемелік және кәсіби
тұрғыда қолдау көрсету

3-БЕТ

МҰХТАР АРЫН МҰРАСЫ-
ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ
ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

8-9 БЕТТЕР

СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ДАМУ ЖӘНЕ ЖАҢА
МҰМКІНДІКТЕР

10-11-БЕТТЕР

Басты жаңалықтар

АҚТӨБЕДЕГІ HERIOT-WATT UNIVERSITY КАМПУСЫ СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ САНЫН АРТТЫРУДЫ ЖОСПАРЛАП ОТЫР

Халықаралық білім алу мүмкіндігін кеңейтуге 2025 жылдың тамыз айында құрылысы басталған жаңа оқу-зертханалық корпус жол ашады.

Облыс әкімі Асхат Шахаров құрылыс алаңына барып, жобаның жүзеге асырылу барысын тексерді.

Нысан құрылысын «Номад Құрылыс Компаниясы» ЖШС жүргізуде. Қазіргі таңда жұмыстардың шамамен 45%-ы орындалған.

Жоба Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы стратегиялық серіктестік аясында жүзеге асырылып, өңірде халықаралық білім беру орталығын дамытуға бағытталған. Қазіргі уақытта 2023 жылы Қ. Жұбанов атындағы өңірлік университет базасында ашылған Ақтөбедегі Heriot-Watt кампусында Қазақстаннан және шетелден келген 500-ден астам студент білім алууда.

Жаңа оқу-зертханалық корпус жертелме қабаты бар үш қабатты ғимарат болады. Оның жалпы аумағы 5 мың шаршы метрден асады. Ғимаратта 1000 орындық оқу аудиториялары, заманауи конференц-зал және асхана қарастырылған. Құрылыс халықаралық стандарттар мен заманауи технологияларды қолдана отырып жүргізілуде.

Өңір басшысы нысанды аралау кезінде құрылыс жұмыстарының сапасы мен халықаралық білім беру ортасына қойылатын талаптарға сәйкестігіне ерекше назар аударды. Асхат Шахаров бұл жобаның жоғары білікті инженерлік және IT-мамандар даярлаудағы, сондай-ақ өңірдің жоғары білім беру саласындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы маңызын атап өтті.

Жобаны іске асыру кампустың білім беру мүмкіндіктерін кеңейтіп, халықаралық бағдарламалар бойынша мамандар даярлауға және британдық әрі қазақстандық үлгідегі қос диплом беруге мүмкіндік береді.

«Халықаралық білім беру жобаларын дамыту ел үшін аса маңызды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тапсырмасы бойынша қазіргі жаһандық экономика жағдайында жұмыс істей алатын жоғары білікті кадрларды даярлауға аса көңіл бөлінуде. Осындай бастамаларды жүзеге асыру жоғары білім сапасын арттырып қана қоймай, заманауи технологияларды, шет тілдерін және халық-



ралық стандарттарды меңгерген жаңа буын мамандарын қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл ел мен өңірлердің бәсекеге қабілеттілігіне тікелей әсер етеді.

Әсіресе, жастардың шетелге шықпай-ақ жетекші шетелдік университеттердің бағдарламалары бойынша білім алу мүмкіндігі өте маңызды. Бұл дарынды студенттердің шетелге кетуді азайтып, олардың ел ішінде кәсіби тұрғыда дамуына жағдай жасайды. Сондықтан мұндай білім беру орталықтарының өңір мен мемлекеттің болашағы үшін стратегиялық маңызы зор», – деді облыс әкімі.

КАМПУС HERIOT-WATT UNIVERSITY В АКТОБЕ ПЛАНИРУЕТ УВЕЛИЧИТЬ КОЛИЧЕСТВО УЧЕБНЫХ МЕСТ ДЛЯ СТУДЕНТОВ

Расширить возможности получения международного образования позволит новый учебно-лабораторный корпус, строительство которого началось в августе 2025 года.

Аким области Асхат Шахаров посетил строительную площадку и проверил ход реализации проекта.

Строительство объекта ведет ТОО «Номад Құрылыс Компаниясы». На сегодняшний день выполнено порядка 45% работ.

Проект реализуется в рамках стратегического партнерства между Казахстаном и Великобританией и направлен на развитие меж-

Главные новости

дународного образовательного центра в регионе. В настоящее время в актобинском кампусе Heriot-Watt, открытом в 2023 году на базе регионального университета имени К. Жубанова, обучаются более 500 студентов из Казахстана и зарубежных стран.

Новый учебно-лабораторный корпус представляет собой трехэтажное здание с подвальным помещением общей площадью более 5 тысяч кв. м. В нем будут предусмотрены учебные аудитории на 1000 мест, современный конференц-зал и столовая. Строительство ведется с применением международных стандартов и современных технологий.

Глава региона в ходе осмотра уделил особое внимание вопросам качества строительных работ и соответствия объекта требованиям международной образовательной среды. Асхат Шахаров подчеркнул значимость проекта для подготовки высококвалифицированных инженерных и IT-кадров, а также для повышения конкурентоспособности региона в сфере высшего образования.

Реализация проекта позволит расширить образовательные возможности кампуса, обеспечить подготовку специалистов по международным программам и выдачу двойных дипломов британского и казахстанского образца.

«Развитие международных образовательных проектов имеет важное значение для страны. По поручению Главы государства Касым-Жомарта Токаева особое внимание уделяется подготовке высококвалифицированных кадров, способных работать в условиях современной глобальной экономики. Реализация подобных инициатив позволяет не только повышать уровень высшего образования, но и формировать новое поколение специалистов, владеющих современными технологиями, иностранными языками и международными стандартами. Это напрямую влияет на конкурентоспособность страны и регионов.

Особенно важно, что молодежь получает возможность обучаться по программам ведущих зарубежных университетов, не выезжая за пределы Казахстана. Это снижает отток талантливых студентов и создает условия для их профессиональной реализации внутри страны. Поэтому подобные образовательные центры имеют стратегическое значение для будущего региона и государства», – отметил аким области.

Ақтөбе облысы әкімдігінің
Баспасөз қызметі

Студент жетістігі



Кәсіби-шығармашылық факультетінің «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының 2 курс білім алушысы Ерасыл Ержанов халықаралық аренада ел намысын абыроймен қорғап, кезекті жетістігімен қуантты. Италияның Линьяно қаласында өткен жастар арасындағы дзюдодан Еуропубоғында ол жоғары деңгейде өнер көрсетіп, 66 келі салмақ дәрежесінде қола медаль иеленді.

Ерасылдың спортқа деген қызығушылығы бала кезінен басталған. Ол дзюдоға 10 жасында келіп, содан бері табанды еңбек пен үздіксіз жаттығудың арқасында биік белестерді бағындырып келеді. Бүгінде жас спортшы халықаралық деңгейдегі жарыстарда ел намысын қорғап, тұрақты түрде жүлделі орындардан көрініп жүр.

Оның жетістіктері де аз емес. Ерасыл – жастар арасындағы Азия және Еуропа кубоктарының жеңімпазы. Сонымен қатар жастар арасындағы Азия чемпионатының және Қазақстан Республикасы чемпионатының қола жүлдегері.

Италия төрінде қол жеткізген қола медаль – тек жеке жетістік қана емес, сонымен қатар университет абыройын асқақтатқан маңызды жеңіс. Ерасылдың айтуынша, әрбір жарыс – жаңа тәжірибе мен үлкен сынақ. «Алдағы мақсатым – Әлем чемпионатына қатысып, көк туымызды желбірету», – дейді жас дзюдошы.

Еліміздің намысын халықаралық аренада абыроймен қорғап жүрген Ерасылға алдағы жарыстарда тек жеңіс тілейміз.

Ж.Арен



Zhubanov University студенті халықаралық аренада жүлделі орын иеленді



Студент шығармашылығы



Мұзбалақ ақын Алаштың арысы – Мұқағали Міржақып

Өнердің шыңына өрлей алаған,
Әр қазақтың жадында биік тұрған,
Әдебиетте ерекше бір орны бар,
Мұқағали Мақатаев-ерекше жан!

Алматының Райымбек ауданында,
Дүниенің есігін ашқан тұлға,
Шыр етіп дүниеге келген сәттен,
Жүрегі бөленген- өлең-жырға!

Мұқағали-қазаққа сый боп туған,
Өзі сүйіп,ақындық жолын қуған.
Ұлы жүз Албаннан нәресте боп,
Бар қазақтың жүрегінен орын алаған!

Әр өлеңі махаббатқа болған толы,
Қазақтың маңдайына бақ боп қонды.
Сынбады,құлса да,қайта тұрды,
Қиындыққа толса да,өмір жолы!

Танымас оны қазақ жоқ бүгінде,
Өлеңдері бізге азық,үлгі-өнеге.
Қанша ай,жыл,мейлі ғасыр өтсін,
Әркез тұрар әдебиеттің биігінде!

Халықтың мақтан тұтар ер жүрегі,
Көп сіңген ел үшін ер еңбегі.
Есімізде мәңгі қалар Дулатұлы,
Есімі алты Алашқа белгілі.

Халқы үшін тартқан талай қайғы-мұң,
Еңбегі үшін төленбеген ешбір құн.
Берілмеген қиындыққа, ер жүректі,
Міржақып – алып тұлға, биік шың.

Білімімен баршаны таңғалдырған,
Артында өшпейтұғын із қалдырған.
Алаштың зиялысы – Міржақып,
Болашаққа біліммен жол салдырған.

Абайдай биік тұлға бар еліңде

Қазақтың бас ақыны ұлы Абай,
Артынан асыл сөздер қалды талай.
Білім мен ғылымды ол ерте іздеді,
Болады білімді адамға бәрі оңай.

Жастайынаң білімге болды құмар,
Білімді адам қашанда шыңға шығар.
Шет тілді тез игерді құмарланып,
Талпынған қиындықты жеңіп шығар.

Жасында білім берді, Қожжа молда,
Ақынға үлкен білім болды олда.
Абайдың ойы тек білімге ауған,
Адам еой бір Алланың нұры жауған.
Талаптыға нұр жауар деген сөз бар,
Талабының арқасында бағы жанған.

Ізденіспен табылған бұлақ көзі,
Бәрінде іздеп тапқан Абай-өзі.
Адамның өміріне, үлес қосқан,
Пайымдап жазған 45 қара сөзі.

Қастерле деп өз ана тілімізді,
Жолға салған қызымызбен,ұлымызды.

Өмірдің шындығы бұл-мықты қазық,
Зерттеген бәрінде терең,қазып.
Тұлғаның зеректігін танытатын,
Мұхтар Әуезов Абай жолын кеткен
жазып.

Қазағымның арысы ұлы тұлға,
Әр қазақтың есінде биік тұрған.
Тарихта ойып тұрып орын алар,
Ұмытылмас артынан із қалдырған.

Көпке үлгі бола алаған асыл ақын,
Халқына арқашанда болған жақын.
Ұстаған ұстанымы болды оның,
Надандықтан болыңдар алыс талқым.

Абайдай биік тұлға бар елімде,
Дара ақын әр қазақтың мәңгі есінде.
Мен әрқашан басымды тік ұстадым,
Себебі,асыл мұра сөзі есімде!



Фатима Мылтықбай,
Жұбанов университеті филология
факультетінің 2 курс студенті

Ауқан және университет



Мақсатымыз - өңір педагогтеріне әдістемелік және кәсіби тұрғыда қолдау көрсету

«Ғылымға қадам» жобасының өткен жылғы сәтті тәжірибесін ескере отырып, биыл кеңейтілген ауқымда және жаңартылған форматта жобаны қайта іске қосуды ұйғардық. Жобаның басым бағыты ретінде мектеп мұғалімдерінің кәсіби және ғылыми-зерттеу әлеуетін дамыту айқындалды. Бұл бастамаға алғашқылардың бірі болып қызығушылық танытып, қолдау білдірген Дархан Жанысханұлы басшылық ететін Мұғалжар ауданы болғандықтан, жоба осы ауданның ауылдық және қалалық мектептерінің педагогтарына бағыттала отыр.

Жаңа формат аясында мектепте қызмет атқарып жүрген педагогтарды ғылыми-зерттеу жұмыстарының негіздеріне үйретуге арналған гибридік үлгідегі арнайы курс ұйымдастырылады. Курстың практикалық бөлігінде мұғалімдер Жұбанов университетінің базасында білім алып, зерттеуші-оқытушыларымыздың жетекшілігімен өздерінің алғашқы ғылыми жобаларын әзірлеуге мүмкіндік алады.

Бұған дейін мұғалімдердің кәсіби қажеттіліктері мен даму бағыттарын айқындау мақсатында зерттеу жүргізіліп, алынған деректерге талдау жасалған

болатын. Нәтижесінде педагогтардың ғылыми қызметке қызығушылығы мен сұраныстары анықталды. Осы негізде Қандыағаш қаласындағы №3 орта мектепте өткен кездесуде аудан педагогтарына жобаның жаңа форматы таныстырылып, олардың тарапынан қолдау тапты.

Ауданға жұмыс сапары барысында Магистрлер қауымдастығымен де кездесіп, өзара ынтымақтастық туралы келісім жасастық. Қауымдастық мүшелерінің басым бөлігі – университет түлектері. Сондықтан олар үшін университетіміздің үздіксіз білім алуға мүмкіндік беретін, қайта келіп білімін жетілдіре алатын оқу орнына айналуына мүдделіміз. «Өмір бойы білім алу» қағидатын басшылыққа ала отырып, әдістемелік және кәсіби тұрғыда қолдау көрсетуді мақсат етеміз.

Сондай-ақ, өңір педагогтарына университетіміздің ашықтық қағидаты аясында зертханалық базаны, инклюзивті білім беру кабинеттерін және кітапхана ресурстарын бірлесіп пайдалану мүмкіндіктерін ұсындық. Осылайша @ulttyqkomissia бастамасы аясындағы «Ғылымға қадам» жобасының жаңа форматтағы пилоттық кезеңі Мұғалжар ауданында бастау алды.

Лаура Қарабасова,
Zhubanov University ректоры



Басты жаңалықтар



АСХАТ ШАХАРОВ АХМЕТ ЖҰБАНОВТЫҢ ҰРПАҚТАРЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Өңір басшысы Асхат Шахаров биыл елімізде 120 жылдығы аталып өтіп жатқан қазақтың көрнекті ғалымы, әйгілі композиторы, дирижері Ахмет Қуанұлы Жұбановтың ұрпақтарын арнайы қабылдап, оларға құрмет көрсетті.

Кездесуге Жұбанов әулетінің бірқатар өкілі қатысты. Атап айтқанда, А.Жұбанов атындағы қордың президенті, пианист ұлы тұлғаның көзі тірісінде көрген немересі Шолпан Жұбанова, оның ұлы – «Астана Опера» және «Астана Балет» театрларының дирижері, халықаралық конкурстардың дипломанты Елмар Бурибаев, журналист, баспагер, «Атамұра» корпорациясының қызметкері Елмира Жұбанова, Ф.Жұбанованың ұлы, филолог, Ахмет және Ғазиза Жұбановтар мемориалды музейінің ғылыми қызметкері Адай Мамбетов және оның жұбайы Жанара Мамбетова болды.

Облыс әкімі кездесуде Жұбановтар әулетінің қазақ мәдениеті мен ғылымындағы айырықша орнын атап өтіп, олардың ұлттық руханиятты дамытудағы еңбектеріне жоғары баға берді.

«Жұбановтар әулеті – қазақ өнері мен ғылымының алтын діңгегі. Сіздер ұлы тұлғалардың аманатын арқалап, олардың мұрасын бүгінгі ұрпаққа жеткізіп келесіздер. Бұл – зор жауапкершілік әрі үлкен құрмет», – деді Асхат Шахаров.

Жылы әрі мазмұнды өткен басқосуда меймандар өзара пікір алмасып, естеліктерімен бөлісті. Облыс әкімі Жұбанов әулетінің өкілдеріне алғыс білдіріп, олардың қатысуы өңірде өтіп жатқан мерейтойлық іс-шаралардың маңызын арттыра түскенін алға тартты.

Өз кезегінде Шолпан Жұбанова көрсетілген құрмет үшін ризашылығын білдіріп, ұлы тұлға, атасы – Ахмет Жұбановтың рухын ұлықтауға бағытталған мұндай тағылымды шаралардың өскелең ұрпақ үшін тәрбиелік және танымдық тұрғыдан өте маңызды екенін тілге тиек етті. Ол Жұбанов мұрасын насихаттау – тек әулеттің

ғана емес, барша қазақ халқының ортақ міндеті екенін жеткізді.

Еске салайық, Ақтөбе өңірінде 23-30 сәуір аралығында Ахмет Жұбановтың 120 жылдығына орай, «Жұбанов көктемі» музыкалық апталық өтуде. Апталық аясында Еркеғали Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармония, Жамбыл атындағы қазақ мемлекеттік академиялық филармониясы және Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаты сынды өнер ұжымдары өнер көрсетіп, ақтөбелік көрермендерге жоғары деңгейдегі концерттер ұсынуда. Сонымен қатар, халықаралық хор фестивалі мен домбырашылар фестивалі ұйымдастырылып, Түркия, Оңтүстік Корея және Өзбекстан елдерінен арнайы келген қонақтар қатысып жатыр.

Кездесу соңында облыс әкімі қонақтармен естелік суретке түсіп, Ахмет Жұбановтың мерейтойына арнайылап жасалған кәдесыйларды сыйға тартты.

АСХАТ ШАХАРОВ ВЫРАЗИЛ УВАЖЕНИЕ ПОТОМКАМ АХМЕТА ЖУБАНОВА

Глава региона Асхат Шахаров встретился с потомками выдающегося казахского ученого, известного композитора и дирижера Ахмета Куановича Жубанова, 120-летие которого отмечается в этом году в стране, и выразил им свое уважение. Во встрече приняли участие представители династии Жубановых.

В частности, президент фонда имени А. Жубанова, пианистка, внучка великой личности, видевшая его при жизни, Шолпан Жубанова, ее сын – дирижер театров «Астана Опера» и «Астана Балет», дипломант международных конкурсов Елмар Бурибаев, журналист и издатель, сотрудник корпорации «Атамұра» Ельмира Жубанова, сын Г. Жубановой, филолог, научный сотрудник мемориального музея Ахмета и Газизы Жубановых Адай Мамбетов и его супруга Жанара Мамбетова.

Главные новости

В ходе встречи аким области отметил особое место династии Жубановых в казахской культуре и науке, высоко оценив их вклад в развитие национальной духовности.

«Династия Жубановых – это золотая опора казахского искусства и науки. Вы несете наследие великих личностей и передаете его современному поколению. Это большая ответственность и высокая честь», – отметил Асхат Шахаров.

В теплой и содержательной атмосфере встречи гости обменялись мнениями и поделились воспоминаниями. Глава региона выразил благодарность представителям рода Жубановых, подчеркнув, что их участие придает особую значимость юбилейным мероприятиям, проходящим в регионе.

В свою очередь Шолпан Жубанова поблагодарила за оказанное внимание и отметила, что подобные содержательные мероприятия, направленные на увековечение памяти ее деда Ахмета Жубанова, имеют большое воспитательное и познавательное значение для подрастающего поколения. Она подчеркнула, что популяризация наследия Жубанова – это задача не только семьи, но и всего казахского народа.

Напомним, что в Актюбинской области с 23 по 30 апреля проходит музыкальная неделя «Жубанов көктемі», посвященная 120-летию Ахмета Жубанова. В рамках недели выступают творческие коллективы, такие как Государственная академическая филармония имени Еркеғали Рахмадиева, Казахская государственная академическая филармония имени Жамбыла и Республиканская специализированная музыкальная школа-интернат для одаренных детей имени Ахмета Жубанова. Они представляют актюбинским зрителям концерты высокого уровня. Кроме того, проходят международный хоровый фестиваль и фестиваль домбристов с участием гостей из Турции, Южной Кореи и Узбекистана.

В завершение встречи глава региона сделал памятное фото с гостями и вручил им сувениры, подготовленные к юбилею Ахмета Жубанова.

Ақтөбе облысы әкімдігінің
Баспасөз қызметі



Сол пәнде Алаш әдебиетімен, Абай мұрасымен және оның әдеби мектебімен таныстық.

Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы ұстазымыз айтып бергенде, мен ерекше қызығушылық таныттым. Содан бастап оның шығармашылығын зерттей бастадым.

2019 жылдан бері сапарларым туралы естелік жазып келемін. Мұндағы көрген-білгенімді де міндетті түрде өз

мәдени өмірімен жақынырақ танысуға тырыстым. Әрине, университеттің оқытушылар құрамы, жаңа достарым маған көп көмегін тигізді.

2019 жылдан бері сапарларым туралы естелік жазып келемін. Мұндағы көрген-білгенімді де міндетті түрде өз

рендім. 2020 жылы ең алғаш домбыраны ноғайлардан үйрендім. Сол тілдегі әндерді тыңдай жүріп, домбыраға да қызығушылығым оянды.

Алғашқы өлеңімді сегіз жасымда жаздым. Ол анама арналды.

2021 жылы өзіме «Чепни»



еңбегіме енгізім келеді. Әдебиет саласынан бөлек қандай қызығушылықтарыңыз бар?

Отбасымда музыкаға жақын адамдар көп. Атам бағлама шерткен, көкем скрипка, пианино, бағламада ойнайды. Солардың әсерімен мен де бағлама тартуды үй-

деген лақап ат алдым. Бұл – оғыз тайпаларының бірі. Жеті атамның бірінің аты Чепни Хүсейін болған. Содан бері осы атауды есіміме қосып қолданамын.

«Ziyâllar» журналын ашыпсыз. Оның негізгі миссиясын қалай түсіндірер едіңіз?

2019–2020 жылдары әдебиетке бет бұра бастадым. Сол кезден бастап жеке журнал шығаруды армандадым. Бірақ жас болғандықтан, бастамама көпшілік мән бере қоймады.

Алғашында «Mütenakız» атты журнал шығарып көрдік, бірақ ол жалғаспады.

2026 жылы «Ziyâllar» журналын қайта қолға алдық. Жазатын достарымды жинап, жобаны бірге бастадық. Алғашқы санында Өзбекбайжан зиялылары туралы мақала жарық көрді. Өзім Шәкәрім туралы жаздым.

Журналдың негізгі мақсаты – Түркиядағы әдебиетке қызығатын жастарды біріктіру және олардың шығармашылық дамуына қолдау көрсету.

Жазу – үздіксіз еңбекті талап етеді. Спортшы қалай күн сайын жаттығу жасаса, қаламгер де күн сайын оқып,



жазып, ойлану керек. Қазіргі уақытта журналды қаржылық себептерге байланысты электронды форматта шығарып отырмыз. Осы арқылы кез келген оқырманға қолжетімді еткіміз келеді.

Біздің басты мақсатымыз – Түркия оқырманына Орта Азиядағы түркі халықтарының әдебиетін таныстыру. Мысалы, алғашқы санымызда Шыңғыс Айтматовтың қарындасы Роза Айтматовамен сұхбат жарияладық.

Жалпы, түркі халықтарының зиялыларын кеңінен таныстырып, олардың өмірі мен шығармашылығын насихаттауды көздейміз.

Еңгімеңізге рақмет!
Сәттілік тілейміз!

Сұқбаттасқан:
Нұрсұлтан Имашев
Филология факультетінің
4 курс студенті

☑ Акадemiaлық ұтқырлық

Түркиялық студенттің білім мен ізденіс жолы



Түркияның Анкара қаласындағы Қажы Байрам Уәли университетінің студенті Серхат Өзтүрік қазіргі таңда академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Жұбанов университетінің филология факультетінде білім алуда. Ол қазақ тілі мен әдебиетіне қызығушылық танытып жүрген жас зерттеуші.

Түркияның Қара теңіз аймағындағы Трабзон қаласында дүниеге келген Серхаттың түркі дүниесіне деген қызығушылығы бала кезден басталған.

«Орта Азияны аралап, көшпелі халықтың болмысын тану – үлкен тәжірибе», – дейді ол.

2021 жылы Қырғызстанның Бішкек қаласындағы «Манас» университетінде білім алған. Түрік тілінен бөлек қазақ және қырғыз тілдерін меңгерген, бұл тілдерден түрік тіліне аудармалар жасап, осы тілдерде өлеңдер жазады. 4 кітабы жарық көрген. «Көгмендер» (Kögmenler), «Түріктойы»

(Türkoıy) журналдарда мақалалары мен өлеңдері жарияланып тұрады. 2026 жылдан бастап «Зиялылар» (Ziyalılar) атты түріктану, ой-пікір және әдебиет журналын шығара бастады.

Серхаттың айтуынша, Қазақстанға келу – оның көптен бергі арманы. «Егер қазақ тілін үйренсем, бірақ оны қазақ жерінде қолданып көрмесем, онда не үшін үйрендім?» деген сұрақ оны Ақтөбеге жетелеген. Бұл Серхаттың Қазақстанға алғашқы келуі. Қазақ тілін осыдан алты жыл бұрын меңгере бастаған Серхат үшін жергілікті тұрғындармен тілдесу аса қиындық туғызбаған.

Жұбанов университетінде ол тек білім алып қана қоймай, қазақ халқының қонақжайлылығын, ұлттық болмысын жақыннан танығанын атап өтті. Серхат Ақтөбеде көптеген достар тауып, жаңа ортаға тез бейімделгенін айтады. Оның сөзінше, болашақта жазатын естелік кітабының бір бөлімі міндет-

ті түрде Ақтөбе мен Жұбанов университетіне арналмақ.

Сондай-ақ, Серхатқа қазақ әдебиетіндегі ерекше әсер қалдырған тұлға – Шәкәрім Құдайбердіұлы. Қазіргі таңда ол Шәкәрім мұрасын Түркияда таныту мақсатында зерттеу жүргізіп, «Ziyalılar» журналында арнайы мақала жариялаған.

Орайы келгенде, Серхатпен сұхбаттасқан едік.

Түрік тілінен бөлек, қырғыз және қазақ тілдерін қалай меңгердіңіз? Бұл қызығушылық қайдан басталды?

Түркі дүниесімен танысуым бала кезден басталды. Бұл қызығушылық кейін менің зерттеулеріме, еңбектеріме және жалпы өміріме үлкен әсер етті.

Қырғызстанда бір жарым жыл тұрдым. Әрине, қазақ пен қырғыз халықтарының арасында айырмашылықтар бар. Дегенмен сол жерде көшпелі өмір салтын тереңірек түсіндім. Сонымен қатар біз ұмыта бастаған кейбір салт-дәстүрлерді көрдім. Орта Азияны аралау мен үшін үлкен тәжірибе болды, әрі бұл кейінгі еңбектеріме негіз болды.

Аудармамен айналысып жүргеніңізге қанша уақыт болды? Аударма барысында қандай қиындықтар жиі кездеседі?

Қазақ, қырғыз немесе түрік тілдерінен аударма жасаудағы ең үлкен қиындықтар-

дың бірі – мақал-мәтелдер. Әдетте арнайы сөздіктерге жүгініп, мағынасына сай балама табамыз.

Алайда кейбір сөздер мен тіркестер тек белгілі бір тілге ғана тән болады. Мысалы, бір ұғым қазақ тілінде ерекше реңкпен қолданылуы мүмкін. Ондай жағдайда дәл мағыналас нұсқаны табу оңай емес.

Мәселен, «баба» сөзі түрік тілінде кең мағынада қолданылса, қазақ тілінде нақты туыстық атауды білдіреді. Сол сияқты «көрпе» сөзі қазақ тілінде жамылғы әрі төсеніш мағынасында қолданылса, түрік тілінде «жап жаңа» деген мағыналас реңк береді.

Сондықтан аударма барысында әр сөзге аса мұқият болу қажет. Себебі бір ғана сөздің қате берілуі тұтас мағынаны өзгертіп жіберуі мүмкін.

Қазіргі таңда Шәкәрім мұрасын зерттеп жүр екенсіз?

Маған Шәкәрім Құдайбердіұлының еңбектері ұнайды. Болашақта ақынның мұрасын, өмірбаянын зерттеп, Абай облысына барып, Жидебай жерінде болғым келеді. Сондықтан қазақ тілін үйренудегі басты мақсатым – осы тұлғалардың еңбектерін түпнұсқадан оқып, қазақ жерінде зерттеу жүргізіп, зиялылары туралы түрік тілінде ғылыми еңбек жазғым келеді.

Мен Қазіргі түркі тілдері және әдебиеті бөлімінде оқимын. Өткен семестрде қазақ әдебиеті тарихын оқыдық.



☑ Басты жаңалықтар

СТУДЕНТТІК ХОР ҰЖЫМЫ – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПЕН КӘСІБИ ШЕБЕРЛІКТІҢ ҮЙЛЕСІМІ

Университеттің студенттік хор ұжымы «Жұбанов көктемі – 2026» халықаралық хор музыкасы фестивалі-байқауында жүлделі I орынды иеленіп, ұжымның кәсіби деңгейі мен орындаушылық мәдениетін жоғары деңгейде танытты. Бұл жетістік – көпжылдық дәстүрдің, жүйелі дайындықтың және көркемдік сабақтастықтың нәтижесі.

Кәсіби-шығармашылық факультетінің «Музыка және хореография» кафедрасына қарасты студенттік хор 1989 жылдан бері үздіксіз дамып, берік дәстүрі қалыптасқан шығармашылық мектеп ретінде орныққан. 100-ден астам студенттің ұжым ретінде өнер көрсетіп, Астана, Орал, Алматы, Ақтау, Ташкент қалаларына концерттік сапарлар жасауы хордың жоғары академиялық деңгейін және сахналық мол тәжірибесін айғақтайды.

Хор ұжымының кәсіби әлеуеті оның құрамында әр жылдары өнер көрсеткен белгілі орындаушылар арқылы да көрініс табады. Светлана Айтбаева, Манзура Сапарова, Асхат Тарғын, Нұрболат Абдуллин, Арман Жиеналиев, Еркебулан Құмаров сынды эстрада өкілдерінің осы шығармашылық ортадан шығуы ұжымның кәсіби бағыттағы ықпалын айқын көрсетеді. Жібек Қапанова мен Айгүл Байшүкірова еңбегі аталған көркемдік мектептің негізін қалаған маңызды кезең ретінде бағаланады.

Қазіргі уақытта хор ұжымының жетекшісі – Қазақстан Республикасы мәдениет саласының үздігі, халықаралық байқаулардың лауреаты, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының түлегі Мербол Құспанов. Оның кәсіби ұстанымы хор мәдениетін жүйелі дамытуға, кәсіби тәртіп пен вокалдық сапаны тұрақты деңгейде қамтамасыз етуге бағытталған. Нәтижесінде ұжым студенттер үшін тек шығармашылық алаң ғана емес, кәсіби талап пен эстетикалық талғамды қалыптастыратын орта ретінде танылып отыр.

СТУДЕНЧЕСКИЙ ХОРОВОЙ КОЛЛЕКТИВ – СОЧЕТАНИЕ ТВОРЧЕСТВА И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО МАСТЕРСТВА

Студенческий хор коллектив университета занял призовое I место в международном фестивале-конкурсе хоровой музыки «Жұбанов көктемі - 2026» («Жубановская весна - 2026»), продемонстрировав высокий уровень профессионализма и исполнительской культуры коллектива.

Данное достижение является результатом многолетних традиций, систематической подготовки и художественной преемственности. Студенческий хор кафедры «Музыка и хореография» профессионально-творческого факультета непрерывно развивается с 1989 года и зарекомендовал себя как творческая школа с богатыми традициями.

Выступления более 100 студентов в составе коллектива и концертные поездки по таким городам, как Астана, Уральск, Алматы, Ақтау, Ташкент свидетельствуют о высоком академическом уровне хора и большом сценическом опыте.

Профессиональный потенциал хорового коллектива находит отражение в известных исполнителях, выступавших в его составе в разные годы. Выход из этой творческой среды таких представителей эстрады, как Светлана Айтбаева, Манзура Сапарова, Асхат Тарғын, Нурболат Абдуллин, Арман Жиеналиев, Еркебулан Кумаров наглядно демонстрирует профессиональное влияние коллектива. Работы Жибек Капановой и Айгүл Байшукуровой оцениваются как важный этап основания данной школы.

В настоящее время руководителем хорового коллектива является отличник культуры Республики Казахстан, лауреат международных конкурсов, выпускник Казахской национальной консерватории имени Курмангазы Мербол Куспанов.

Его профессиональный подход направлен на систематическое развитие хоровой культуры, обеспечение сценической дисциплины и высокого уровня вокального качества. Хоровой коллектив признан не только творческой площадкой для студентов, но и средой, формирующей профессиональные требования и эстетический вкус.

☑ Main news

STUDENT CHOIR: A COMBINATION OF CREATIVITY AND PROFESSIONAL EXCELLENCE

The university's student choir won 1st place at the international choral festival-competition "Zhubanov Spring – 2026," demonstrating a high level of professionalism and performance culture.

This achievement is the result of long-standing traditions, systematic training, and continuity in artistic development.

The student choir of the Department of Music and Choreography at the Faculty of Professional and Creative Education has been developing continuously since 1989 and has established itself as a creative school with rich traditions.

Performances by more than 100 students and concert tours in cities such as Astana, Oral, Almaty, Aktau, and Tashkent demonstrate the choir's high academic level and extensive stage experience.

The professional potential of the choir is reflected in well-known performers who were part of it at different times. Artists such as Svetlana Aitbayeva, Manzura Saparova, Askhat Targyn, Nurbolat Abdullin, Arman Zhienaliyev, and Yerkebulan Kumarov are notable graduates of this creative environment. The work of Zhibek Kapanova and Aigul Baishukurova is considered an important stage in the formation of this school.

Currently, the choir is led by Merbol Kusanov, an Honored Cultural Worker of the Republic of Kazakhstan, an international competition laureate, and a graduate of the Kurmagazy Kazakh National Conservatory.

His professional approach is focused on the systematic development of choral culture, maintaining stage discipline, and ensuring high vocal standards. The choir is recognized not only as a creative platform for students, but also as an environment that shapes professional standards and aesthetic taste.

**Жұбанов университетінің
Баспасөз қызметі**



☑ Мұхтар Арын Ғалиұлының туғанына 90 жыл

ДАНАЛЫҚ КӘУСАРЫНАН ТАҒЫЛЫМ АЛҒАН ТҰЛҒА

Өмірде із-жолы құтты тұлғалардың соңынан ерген адамдардың өміріне сол құт пен береке жұғысты болатынына осы жасқа жеткенде сендік, көз жеткізе алдық. Ең бастысы, із-жолы құтты адамдарды танып, тауып, солардың соңына ілесу керек екен!

1989 жылы Ақтөбе педагогика институтында тұңғыш рет «Қазақ тілі мен әдебиеті» бөлімін ашып, ана тіліміз ел ішінде еркін сөйленсе де, қоғамдық ортадан ысырылып бара жатқан өңірді аса бір ерекше серпілтіп сілкіндірген осы оқиғаға бас болған Мұхтар Ғалиұлы Арыновтың Ақтөбе өңіріне ерекше бір миссиямен келгенін жас болсақ та біз бірден түсінген едік. Ол «біз» деп отырғандар - Мұхтар Ағаның үлкен сенім артып, сол сенім жүгін көтере алуымыз үшін, бізді барынша баулып, баптап, лауазым жағынан да, материалдық жағынан да, академиялық қолдау жағынан да, ғылыми бұлақтан сусын қандыра алатын жолға түсіру жағынан да үлпидете үкі таққан жастар еді.

Біздер – өзіміздің аса қадірлейтін әріптестерім, қазіргі филология ғылымдарының докторы, профессор Абат Шамұлы Пангереев, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Нұрдаулет Алдашев, арамыздан ерте кетсе де, бейнесі естен кетпейтін ақжарқын әріптес досымыз Серік Бермағамбетов, филология ғылымдарының докторы, профессор Жанна Тектіғұлова және бізге басшылық жасап, академиялық жағынан үйреткен педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Жәниә Нұржанова апамыз.

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы осы құрамда құрылып, Ақтөбенің өңірінен шөптің басынан таңғы шық тергендей теріп алған 55 жас балауса үмітіміз болған алғашқы қарылғаштарымызды қазақ тілі мен әдебиетінің теориялық байлығына да, практикалық тәсілдеріне де, қазақ тілін дамытуға байланысты қоғамдық іс-әрекеттің де сан түрлі әдіс-амалдарына да үйреттік. Соншалықты көп жұмысты жасай жүріп өзіміз де үйреніп, талай академиялық, ғылыми, тұлғалық, қоғамдық жолдардың тұнық судың түбінде жататын нәзік иірімдерін игеріп алған едік. Оның барлығы сонда құрметті Мұхтар Ағаның қадірлі тұлғасының, Ағалық, Ұстаздық, ең бастысы, Даналық болмысының тағылымынан туындап жатады екен.

Құрметті Мұхтар Ағаның қадірлі тұлғасы бізді сәт сайын жаңа бір болмыс ерекшелігімен таңдандырып, сәт сайын гауһар тастың жарқылындай сан түрлі қырынан таныла беретін. Кешегі Мұхтар Аға бүгін басқа, биік деңгейдегі Аға болып көрінетін. Сөз байлығынан терең мұхиттай ой даналығын тануға болатын еді. Қазақы тәрбие жайында айтар ойы зор-зор идеялардан тұратын. Оның бірі



орындалса, енді бірі әлі де іске аспай келеді, екіншіше орай, әрине...

Мұхтар Ғалиұлы, мен үшін ғылымда жолымды ашқан Ұстаздарымның бірі еді. Сондықтан мен Мұхтар Аға Ғалиұлының ғылыми тамсандырып даналық кәусары туралы үзік ойымды айтып өтейін.

Даналық кәусарынан тағылым алу пенделердің екіншісі біріне бұйыра бермесі анық. Ол үшін тек қағып алар суық ақылдың ғана емес, ақылдың ішкі адамгершілік қазаны мен жүрек тамырынан қайнап шыққан жан-дүниеңе жеткізетін ғылыми тілдің өрілуін мүмкін ететін шынайы адами қасиет керек. Мұхтар Ғалиұлы – германист ғалым. Шет тілі мамандарына неміс тілінің және «Тіл біліміне кіріспе» және «Жалпы тіл білімі» курстарынан дәріс оқитын еді. Ал қазақ филологиясы студенттеріне «Жалпы тіл білімі» курстарын қазақша оқыған дәрістерінде қасында еріп жүретінмін. Мен болсам «Тіл біліміне кіріспе» курсын оқитынмын. Кейін «Жұбановтану» лабораториясында «Тіл білімінің жаңа бағыттары» тақырыбында жас ғалымдар мен жоғары курс студенттеріне арнап дәрістер оқыды. Бұл бір керемет дәрістер болатын.

Мұхтар Ғалиұлының Ахмет Байтұрсынұлының терминдері туралы, Құдайберген Жұбановтың этнолингвистикалық талдаулары туралы, Әбдуәли Қайдаровтың, М.М.Копыленконың этнолингвистикалық

көзқарастары туралы айтып, оған өз ойын қоса отырып, жаңа идеялар ұсынатын. Солардың бір-екісі бойынша пікірталасымыз есімде қалыпты. Ол – «Бестамақ» елді мекенінің және «Бершүгір» елді мекенінің атауына байланысты пікірталас еді.

Мұхтар Ғалиұлының пікірінше «бес» – сан есім, «тамақ» – жіңішке өзендер, солардың біріктірілген атауы іспетті мазмұнда талдайтын. Ал мен болсам, «бес» – ол парсыша (мүмкін ескі тілімізде де қолданған болар) «беш/пеш» - артқы, ал «тама» – Тама руы болуы мүмкін. Яғни «батыс жақтағы Тамалар» деген болуы мүмкін деймін.

Сонда Мұхтар Ғалиұлы «олай болса тама - ақ» бола ма, «-ақ» деген не?» деп сұрағанда, мен, «Ол «-ақ» емес, «-қ» жұрнағы болуы мүмкін. Яғни «Артқы Тама» дегенді білдіреді. Олай болса, Тама руының әр жердегі орналасуын іздеу керек. Олар мүлде Кіші жүз болмауы да мүмкін, Орта жүзде болуы мүмкін, Ұлы жүзде болуы мүмкін. Бұл - Қазақ хандығының геосаяси, әкімшілік бөлінісінің бір бағыт-амалы болуы мүмкін. Олай деуіме себептер бар. Біріншіден, ӨлФарабидің «Қайырымды қалалар туралы трактатындағы», екіншіден, «Өз»/«Öz» деген сөздің мағынасы - «толыққанды» / самодостаточный/ және бұл сөз бір нәрсенің ең негізгі, ішкі, маңызды



тағылымдамадан өтіп, кәсіби біліктілікті арттырды.

Біздің департамент тарапынан бұл бағдарламаға қатысуға ниетті білім алушылар мен оқытушыларға консультациялық қолдау көрсетіледі. Атап айтқанда, құжаттарды дайындау, бағдарлама талаптарын түсіндіру және өтінім беру үдерісі бойынша жан-жақты бағыт-бағдар беріледі.

Шетелдік студенттердің бейімделуі қалай жүзеге асырылады?

Шетелдік студенттердің алғашқы әсері мен бейімделу процесі университетте жүйелі түрде ұйымдастырылады. Бұл бағыттағы жұмыстарға Қабылдау және кәсіптік бағдар беру департаменті, Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық департаменті, Академиялық қызмет департаменті, Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаменті, сондай-ақ факультеттер бірлесе қатысады.

Біздің департамент тарапынан студенттерге Қазақстанға келген сәттен бастап жан-жақты қолдау көрсетіледі. Атап айтқанда, көші-қон, визалық және тіркеу мәселелері бойынша көмек беріліп, қажетті құжаттарды рәсімдеу үдерісі толық сүйемелденеді. Сонымен қатар университетте ақпараттық сессиялар мен тұрақты кездесулер ұйымдастырылып, студенттермен кері байланыс үздіксіз жүргізіледі.

Мәселен, соңғы онлайн сауалнамаға 140-тан астам шетелдік студент қатысып, олардың бейімделу тәжірибесі жан-жақты талданды. Сауалнама нәтижелері студенттердің университеттегі оқу және тұрмыс жағдайын жалпы оң бағалайтынын көрсетті.

Шетелдік студенттер санының динамикасы қандай?

Соңғы жылдары университетте шетелдік студенттер санының тұрақты өсімі байқалады. Мысалы, 2023 жылы олардың саны 98 болса, 2025 жылы бұл көрсеткіш екі есеге артқан.

Шетелдік студенттердің негізгі бөлігін Әзербайжан, Ресей және Қытай елдерінен келген білім алушылар құрайды. Сонымен қатар,

Әзербайжан, Ауғанстан және Пәкістан мемлекеттерінен келген студенттер де білім алуда. Бұл көрсеткіштер университеттің халықаралық ынтымақтастық бағытындағы жұмысының қарқынды дамып келе жатқанын және шетелдік талапкерлер үшін тартымдылығының артып отырғанын айғақтайды.

Академиялық ұтқырлық бағдарламаларының мүмкіндіктері және қатысу шарттары туралы кеңірек тоқталсақ.

Академиялық ұтқырлық бағдарламалары университет білім алушыларына шетелдік серіктес жоғары оқу орындарында білім алуға, халықаралық академиялық ортада тәжірибе жинақтауға және тілдік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, студенттер жаңа мәдени ортаға бейімделіп, кәсіби әрі жеке байланыстарын кеңейтеді. Бакалавриат кезеңінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелде білім алған студенттердің басым бөлігі магистратураны да шетелде жалғастыруға ұмтылады. Мұндай студенттердің шетелдік тәжірибе мен заманауи білім алып келіп, ел дамуына өз үлесін қосатыны сөзсіз.

Қатысу шарттарына келсек, негізгі талаптар – жоғары академиялық үлгерім және шет

тілін жеткілікті деңгейде меңгеру. Сонымен қатар, іріктеу конкурстық негізде жүргізіледі. Жоғарыда атап өткеніміздей, грант саны шектеулі болғандықтан, университет тарапынан академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысқысы келетін студенттерге қойылатын талаптар жоғары. Өз қаражаты есебінен барғысы келетін студенттерге де мүмкіндік беріледі, алайда олар да белгіленген талаптарға сай болып, конкурстық іріктеуден сәтті өтуі қажет.

Талаптардың жоғары болуының тағы бір себебі — университеттің шетелге жіберілетін студенттер үшін үлкен жауапкершілік алуы. Себебі университет басқа елге, академиялық талаптары өзгеше білім ордасына еліміз бен оқу орнының абыройын жоғары деңгейде көрсете алатын, білімді толық меңгеруге ынтылау, сол елдің заңдары мен тәртібін құрметтейтін, өзіне жауапкершілікпен қарайтын студенттерді жіберуге мүдделі.

Толық талаптар мен қажетті құжаттар тізімі университеттің ресми сайтында жарияланған.

Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан: Жадыра Арэн



Халықаралық байланыс

Стратегиялық даму және жаңа мүмкіндіктер

Жаһандану жағдайында жоғары білім беру жүйесінде стратегиялық даму бағыты мен халықаралық байланыстарға басымдық берілуіде. Соңғы жылдары оқу орнымыз бұл бағытта ауқымды жобаларды жүзеге асырып, жаһандық білім кеңістігіне сенімді қадам жасап келеді.

Бұл ретте университеттің шетелдік серіктестермен байланыс орнатуы, академиялық ұтқырлықты дамытуы және ғылыми-зерттеу әлеуетін арттыруы – басты басымдықтардың бірі.

Осы орайда университеттің стратегиялық және халықаралық даму саласындағы жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы Стратегиялық және халықаралық даму департаментінің директоры Ақерке Аяғановамен сұхбаттасқан едік.

Университеттің стратегиялық және халықаралық даму бағыты бойынша соңғы жылдары қандай негізгі нәтижелерге қол жеткізді?

Университет соңғы жылдары стратегиялық маңызы жоғары, нақты нәтижелерге бағытталған халықаралық жобаларды жүзеге асырып келеді. Солардың бірі — 2023 жылдан бастап университет базасында жұмысын бастаған Heriot-Watt халықаралық кампусы. Бұл кампус шотландиялық Heriot-Watt университетімен стратегиялық серіктестікте жүзеге асырылып, студенттерге «Компьютерлік инженерия», «Электроэнергетика» және «Мұнай инженериясы және энергомеджмент» білім беру бағдарламалары бойынша қос диплом алу мүмкіндігін ұсынады. Аталған бағдарламаларды тәмамдаған түлектер Heriot-Watt пен Жұбанов университетінің дипломдарын қатар иеленеді. 1821 жылы негізі қаланған Heriot-Watt университеті — Шотландиядағы ең көне, тарихы бай, жоғары оқу орындарының бірі. Сонымен қатар, университет QS World University Rankings халықаралық рейтингінде әлемнің үздік 300 университетінің қатарына енеді.

Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық департаменті Heriot-Watt халықаралық кампусының Go Global академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асырумен айналысады. Бұл бағдарлама студенттерге Heriot-Watt университетінің Шотландия және Малайзия кампустарында білім алуға мүмкіндік береді. Соңғы үш жылда осы бағдарлама аясында 40-қа жуық студент халықаралық академиялық тәжірибе жинақтады.

Университеттің тағы бір маңызды халықаралық жобаларының бірі — 2025 жылы АҚШ-тың Миннесота университетімен бірлесіп құрылған Халықаралық зерттеу дағдырліктерін дамыту орталығы. Орталықтың негізгі мақсаты — профессор-оқытушылар құрамының, студенттер мен қызметкерлердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын жетілдіру және университеттің ғылыми әлеуетін арттыру. Қазіргі таңда орталық аясында 15 оқытушы кәсіби біліктілігін жетілдіріп,



ғылыми-зерттеу құзыреттерін дамыту бағытында білім алуға.

Қай елдермен немесе университеттермен серіктестік орнату басымдығына ие?

Жалпы алғанда, университеттің халықаралық серіктестік географиясы кең. Дегенмен, серіктес жоғары оқу орындарының басым бөлігін түркі тілдес елдер мен Еуропа университеттері құрайды. Қазіргі таңда Түркия студенттер үшін ең тартымды бағыттардың біріне айналып отыр. Бұған академиялық ортаның сапасы, тілдік және мәдени жақындық, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының үйлесімділігі әсер етуде.

Соңғы үш жылда университеттен 250-ге жуық студент шетелдік жоғары оқу орындарына білім алуға жіберілсе, олардың 80-нен астамы Түркияның Marmara University, Istanbul Technical University және Hacettepe University секілді беделді университеттерінде білімдерін жетілдіріп қайтты.

Сонымен қатар университет базасында түрік тілі оқытылатынын да атап өткен жөн. Бұл студенттердің алдымен тілді меңгеріп, кейін сол тілде білім алуға деген қызығушылығының артуына ықпал етеді. Бұдан бөлек, университетте кәріс және қытай тілдері орталықтары да табысты жұмыс істейді.

Академиялық ұтқырлық бағдарламаларының тиімділігі туралы не айтар едіңіз?

Білім алушылар үшін ең тиімді бағдарламалардың қатарына университет ұсынатын халықаралық академиялық ұтқырлық және Erasmus+ бағдарламаларын жатқызуға болады. Бұл бағдарламалар студенттерге шетелдік жоғары оқу орындарында тегін білім алып, халықаралық тәжірибе жинақтауға, дүниетанымын кеңейтуге және мәдениетаралық

ортада кәсіби байланыстар орнатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар студенттердің жол шығындары, виза рәсімдеу және медициналық сақтандыру шығындары университет тарапынан қаржыландырылады.

Әрине, толық грант иегері атану үшін үміткерлер белгіленген талаптарға сай болуы және бірнеше кезеңнен тұратын конкурстық іріктеуден сәтті өтуі қажет. Соңғы жылдары бұл бағдарламаларға қызығушылық танытатын студенттер санының айтарлықтай артып келе жатқанын байқауға болады. Бұл — студенттердің халықаралық тәжірибе алуға және өз мүмкіндіктерін кеңейтуге деген ынтасының жоғары екенін көрсетеді. Дегенмен, академиялық ұтқырлық бағдарламаларына бөлінетін орын саны шектеулі болғандықтан, конкурстық талаптар жыл сайын жетілдіріліп, күшейтіліп отырады.

Соңғы жылдары Орхун бағдарламасы да белсенді дамып келеді. Университет бұл қауымдастыққа 2024 жылы мүше ретінде қосылды. Бағдарлама Түркия, Өзбекстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Венгрия елдерінің жоғары оқу орындарын біріктіреді. Оның аясында университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылары түркі елдеріндегі жетекші университеттерде білім алып, тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие. Алғашқы кезеңде қатысушылар саны шамамен 10 адамды қысы, қазіргі таңда бағдарламаға қызығушылық айтарлықтай артқан. Биыл өтінім бергендердің саны өткен жылмен салыстырғанда екі есеге жуық өсті.

Профессор-оқытушылар құрамы үшін тиімді бағдарламалардың бірі — «Болашақ» халықаралық стипендиялық бағдарламасы. Соңғы үш жыл ішінде университеттің 30-ға жуық оқытушысы осы бағдарлама аясында АҚШ, Ұлыбритания және Нидерланды секілді елдердің жетекші университеттерінде ғылыми



элементін немесе өзегін, адамның өзін/рухани болмысын білдіреді. Көне түрік тілінен шыққан бұл сөз «мен» немесе «түпнұсқа» дегенді де білдіреді және философияда ол болмыстың негізгі сипаттамасын білдіреді. Сондықтан Кіші жүз, Орта жүз, Ұлы жүз дегендегі «жүз» - «Өз»/«Öz» деген сөз болуы мүмкін. Қазақ хандары халықты біртұтас ету үшін, руларды іштей бөліп, үш «Өз»/«Öz»-ге тең таратуы мүмкін», - дегенімде ұзақ уақыт үнсіз қалатын. Бірақ менің осындай әжеттеу айтылған ойларыма келіспесе де, «ғалымдық тартысқа дайын екенсің, бірақ өлі де көп оқу керек» деп ақыл айтатын. Сонымен бірге Мұхтар Аға Ғалиұлының морфология мен синтаксис туралы грамматикалық білімі өте-өте терең еді. Өйткені бірнеше тіл білген адам параллель тұрған бірнеше тілдің заңдылықтарын салыстыра-салғастыра отырып, ерекшеліктерін айқын көре алатын. Ал енді олардың себебін тану үшін, «түркологияны, орыс тілі грамматикасын, неміс тілі грамматикасын қайта-қайта қараймын» дейтін. Осындай ғылыми терең ойларымен үндесетін қазіргі Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғұлама ғалымдары «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы ашылған алғашқы күннен бастап шақыра беретін.

Ең алғаш Рабиға Апамыз Сәтіғалиқызы Сыздықова 55 алғашқы деп отырған студенттерге 10 күн іссапармен келіп дәріс оқыған еді. Күнде бізге де, студенттерге де ақ тілегі мен батасын жаудырып кетті ол кісі де. Ақ батасын дарып, кафедрадағы 5 жас оқытушылардың барлығы Ғылым әлемінің есігін ашып, ғылым докторлары, ғылым кандидаттары атанды. Кейін қосылған кафедра оқытушыларының да барлығы ғылым кандидаттары атанды. Тіпті сол алғашқы қарылғаштардың ішінен де доктор, кандидаттар шығып, мерейімізді өсірген еді.

Кейін 1994 жылы Рабиға Сыздықованың 70 жылдығын Ақтөбе өңірін дүбірлетіп той қылып өткізген де - құрметті Мұхтар Ғалиұлы Арынов еді. Рабиға Сәтіғалиқызының қасында төрт күн жүріп, Ойыл, Темір, Қарғалы аудандарына барып, ол кісінің де Мұхтар Ғалиұлына деген шексіз алғысын жаудырғанына күе

болған едік. Ақтөбе азаматтарының барлығы аяқтарына тік тұрып қарсы алып, Мұхтар Ғалиұлының осылай ғұлама Рабиға Сыздықованы 70 жасында «төркіндеткені» үшін айтқан ризашылықтарында шек болмаған еді.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің асыл қырандарының, атап айтсақ, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Қуандық Шаңғытбаев, Тахауи Ахтанов, Мекемтас Мырзахметов, Ақселеу Сейдімбеков, Илья Жақанов тағы басқа киелі тұлғалардың біздің студенттер үшін келіп дәріс оқуын ұйымдастырып, студенттеріміздің қыран болар қанатын қайраттандырған еңбегі - бір төбе.

Құрметті Мұхтар Ғалиұлы Арынов дәстүрлі ән және айтыс өнерін дамыту мақсатында арнаулы дәрісхана және сабақтар жүйесін енгізді. Нұрпейіс Байғанин бабамыздың баласы Момын Ағаны шақыртып, мұраларын жастарға жаттатқаны да ерекше қызметі еді. Бұл да бір Ақтөбе өңірінің жаңғырған бір алтындай дәуірі еді. Қазір де сағымға айналмаған шығар, сол дәстүрлі ән мен айтыс өнерін дамытуға барын салып жүрген азаматтар бар деп сенемін. Ал енді Ақтөбе өңірінің кез келген жеріндегі топыраққа үңіліп, 1-2 см қазсаңыз, алдыңыздан шыға келетін тарихи жәдігерлердің қазынасы туралы айту маған жараспас. Оны тарихшы әріптестер айтар, тек бір-екі ауыз айтып өтейін.

1992 жылғы 3-4 қыркүйекте киелі батыр Есет Тамаұлының 350 жылдығын тойлауды ұйымдастырушылармен басы-қасында бірге жүрген Мұхтар Ғалиұлы Арыновты ел болып құрметтеп, Ақтөбе өңірінің жүзге жуық жылдай басылып қалған еңсесін көтеруге атсалысқаны үшін ардақты азаматтардың қатарында бағалағаны да есімізде.

1994 жылғы Әйтеке бидің 350 жылдығына арналған, қасиетті Бидің рухына тағзым еткен халықтың басын қосқан іс-шараларға да бас болған азаматтардың қатарында құрметті Мұхтар Ғалиұлы Арынов жүрді. Университетіміздің профессорлық-оқытушылық құрамынан шығармашылық топ құрып, «Абайтану оқулары» бір жыл бойы жүргізді. Университеттегі ғалымдардың барлығына

дерлік апта сайын баяндама оқытып, сол кезде де бір үлкен серпіліс болғанын ерекше айту керек.

Бірақ, бір нәрсе ерекше сезілді. Құрметті Мұхтар Ғалиұлы Арынов – ерекше бір Жолдың жобасын құрды. Ол – «Абай жолы» экспедициясы еді. Осы Жолдың мазмұнын, сызбасын, материалдық дайындығын тиянақтап, ерекше бір сезіммен дайындалып жүрді. Осы экспедиция туралы айта бастағанда ерекше бір сезім емес, тіпті терең менталдық тұрғыдан баяндалған мазмұнды естуге болатын еді. Сол Жолға Мұхтар Ғалиұлы бар болмысымен дайындалды. Университеттен шығып басталатын жол – қазіргі Абай облысындағы Абай Бабамыздың туған мекені Шыңғыстауға дейін картада ұғынықты түрде белгіленген еді. Сол кезде мен «Мұхтар Аға экспедицияның ой моделін (мысленное моделирование) тура сол жерге барып келгендей құрып алған екен ғой» деп ойлайтынмын. Өйткені экспедиция мазмұны, жолда жүру барысы туралы сөйлегенде, сөйлемдер еш артық ой, артық сөз, артық синтаксистік құрылымсыз, ерекше айқын және жып-жинақы формада берілетінін байқаған едім. Өзіне де осы сезгенімді айтқанда, «Иә, дұрыс, мен ойша бәрін айқындап, еш артық нәрсе, еш артық іс-әрекет болмайтындай шегеледім ғой неше айдан бері», - деген жауабы есімде қалыпты...

«Соншалық айқын ой қайдан келеді» десем, құрметті Мұхтар Ғалиұлы Арынов бар интеллектуалдық күш-қуаты мен парасат қажырын жұмсап, осы Жобаны өзірлеген екен ғой...

Мұхтар Ғалиұлы Арынов Ақтөбе өңірінен шықпай-ақ бақиға кетіп қалғанын ертеңіне естігенде не болғанын, одан кейін не замандар болғанын айту қиын. Бірақ, бәрі өтті-кетті дейтін емес. Жақсы адамның Даналық Кеусарынан сусындап, оны еліне, әсіресе, Ақтөбе өңіріне тағылым етіп таратқаны ел есінде, ұрпақ есінде мәңгі қалады деп сенеміз. Даналықтың ауылы қонған қазіргі Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде «Даналық тағылымы» элективтік курсы ұйымдастырып, «Бес анық» және Ұстаз Ағаның мақалаларын, еңбектерін жинақтап, жастарға үйрететін із бар, материал жетерлік. Сол киелі ізбен жүріп, өмірде жолын тапқан көптеген тұлғалар бар. Соны жоғалтып алмауды қарастыру керек. Әрине, бұл – ұсыныс. Нақты іс тек университетте ғана емес, елге қызмет еткен азаматын кадрлейтін елге де көптен-көп байланысты.

Мұхтар Ғалиұлы Арыновқа байланысты осы кезге дейін тек 2006 жылы ғана бір шараға қатысқан. Қалған уақытта, неге екені белгісіз, сырт қалып жүрдім. Бірақ Ағамызға күн сайын дұға бағыштап, шын Кеусардан сусындайтын мекенде болуын тілейтін ізбасар шәкірт-әріптесі екенімді естен шығармай келемін!

Құрман Несібелі Жәкенқызы, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті Қазақстан филиалының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы

Мұхтар Арын Ғалиұлының туғанына 90 жыл

Мұхтар Арын мұрасы - ұлт руханиятының темірқазығы

«Ұлттың ең бірінші, ең қасиетті сипаты – тіл», «Тіл дегенің – бүкіл бір халықтың жинаған рухани қазынасының жиынтығы» деп жиі айтатын, білім мен ғылымға адал қызмет еткен, ұлттық құндылықтарды ұлықтаған, парасатты тұлға, көрнекті ғалым, қоғам қайраткері - Мұхтар Арынның туғанына 90 жыл толды.

Мұхтар Арынның ғылыми мұрасы тек өткен дәуірдің рухани ескерткіші емес керісінше, ол – қазіргі қоғамдық ойға бағыт-бағдар беретін, ұлттық білім беру жүйесінің дамуын түсіндіруге мол мүмкіндік беретін құнды еңбектер. Ғалым еңбектеріндегі тіл, ұлт, тәрбие, мәдениет және азаматтық жауапкершілік туралы тұжырымдары қазіргі тәуелсіз еліміздің рухани жаңғыру үдерісімен тікелей үндесуінің айқын көрінісі.

Ғалымның педагогикалық көзқарасы өз алдына терең ғылыми тағылым. Соның ішінде білім сапасын арттыру, кәсіби білікті маман әзірлеу және ұлттық құндылықтарды бойына жиган жеке тұлға қалыптастыру мәселелерін көтерді. Сондықтан Мұхтар Арын есімі жылдар өткен сайын тарихи-танымдық тұрғыдан жаңа қырынан танылатын, қайталанбас тұлғалардың бірі де бірегейі. Оның қалдырған мұрасы ұлт руханиятының алтын діңгегіне айналып, болашақ ұрпақ үшін тағылымдық, танымдық және ғылыми маңызын жоймайтын рухани құнды мұра.

Ғалымның педагогикалық бағыттағы ғылыми еңбектері мен ой-толғамдары, қазіргі зерттеулерге арқау болып, Мұхтар Арынның үлкен ұстаздық, тағылымдық мектебінен бастау алған, сол кездегі жас мамандар бүгінде Қ. Жұбанов атындағы қара шаңырақта, ғылымның әр саласында табысты еңбек етіп, ғалымның ғылыми мектебін жалғастырып келеді.

Шын мәнінде, жақсының аты, ғалымның хатының мәңгілік екенін төменде ғалымдар ұсынған Мұхтар Ғалиұлы Арын туралы естелік-жазбалары мәңгі жадымызда жаңғырмақ.



МӘҢГІЛІК ТҮЛҒА

...Мен жақсылықты жанға жылу беретін энергия деп түсінемін. Жақсы адам бойында энергиясы, қазақша айтқанда, қуаты бар және ол - сол қуатты өндіруші, оны өзге адамдарға үлестіруші. Мүмкін, содан ба екен, жақсы жандардың көбісінің ғұмырының да қысқа болатыны. Мен білген Мұхтар Ғалиұлы Арын сондай жан еді.

Бір сапарда Мұқаңмен көп әңгімелестім. Әңгіме тақырыбы негізінен ұлттық құндылықтар туралы және оларды білім беру жүйесіне қандай тәсілдермен нақтылы нәтиже беретіндей етіп енгізу шаралары жайында болды. Кейін Мұқаңның осы ойлары балалары Нұрлан мен Ерланның шығарған «Бес анық» деген кітабында тарқатылып айтылды.

«Бес анық» деген кітап атауы Шәкәрімнің «Үш анығына» үндес, Мұх-

тар Арын «бес анық» деп халқымыздың табиғи болмысына қатысты негізгі-негізгі арналарды атап айтқан. Әңгіме Мұхтар аға туралы болған соң, айтарым – бұл кісі ұрпағымен мың жасайтын халқымыздың біртұар азаматы екенін тағы да қайталап еске алу еді.

Гарифолла Есім,
ҰҒА академигі

ЕҢ СОҢҒЫ ҚАДІР ТҮНІ

...Қуан ағаның өтіп жатқан тойының қарсаңында Мұхтар екеуіміз әлденеше рет телефон арқылы сөйлестік. Қуан ағамен біздің үйде сұхбат құрып, менің «Ақтөбе циклыман» «Ырғыз», «Қарабұтақ вальсы», «Шалқар» атты әндерімді Сәуле Жанпейсовадай әнші шәкіртімнен тыңдап, біраз тебіреністі ой айтып, осы дүниелердің тууына өзінің де себепші болғанын мен айтып... бір жақ-

сы күнді мағыналы етіп өткізіп едік. Тап қазір сол күнді еске алдым. Шынын айтқанда, Мұхтардың Ақтөбе еліне, Ақтөбе жеріне шексіз махаббаты менің жүрек қылымды шертпегенде бұл әндер туар ма еді, тумас па еді? Мұндай ақынмен үндестік табуымды Мұхтар қандай сүйініш етті десеңші!.

Илия Жақанов,
композитор-жазушы,
қоғам қайраткері

МҰХТАР АҒА АРЫННЫҢ ӘР ІСІ ҮЛГІ-ӨНЕГЕ ЕДІ

«Тәрбие деген Тәңір бар», – деген ұлағатты сөздің иесі Мұхтар Арын тәрбиені тіл, діл, тарихпен ұштастырып, тек айтып қана қоймай, өзі өнеге көрсетіп, тәрбие жұмысына көпті тартатын. Сол

көптің бірі болғанымызға ризашылығымызды білдіреміз.

Ұлы Абайдың 150 жылдығы қарсаңындағы бүкіл ұжымды, студенттерді араластыра жыл бойы ұйымдастырған «Абай тағылымы» байқаған адамға үлкен мектеп болды. Институттағы әр істі жұртшылықпен жұмысқа жалғастырып өкететін, облыстық теле-радио, республикалық «Хабар» арқылы тәрбие құралы ететін. Соларға қатыстық, Абайды қайта-қайта оқыдық, Абайша ойлаудың қыр-сырын іздедік, содан ләззат алдық, көптен араластық, өзіміз де тәлім-тәрбие алдық.

Табиғат заңдылығы қызық қой: адам бір нәрсеге шын берілсе, өзі де сол құбылыстың бір бөлшегіне айналып, тұтасып кете барады. Әлде оны тәрбиенің күші дейміз бе? Әйтеуір қалай болғанда да, осындай құбылыстың дәлелі болып көз алдымыздан өткен Мұхтар аға да ерекше бір құбылыстай көрінеді. Жұмыс орны ұлағатты сөздің ұясындай болып, күнде оған бас сұққан адам көкірек көзі ояу болса, ой түйіп шығарын айтпағанда, Абайды сүюі арқылы өз ортасының Абайы болып, бауыр еті бір баласын Абай деп атап, соңғы сапарға да Абай жолында аттануын сирек кездесетін құбылыс демеі не деуге болады?!

Ұстаз Мұхтар ағаның басқа бір өмір қағидасы, Абайдан алған тәбәрігі – өмірде таза болу, «өзімді жаман дегізбесем екен» деген қағидасы – бәрінен басым болды-ау деймін. Бір күні: «Бастама жақсы-ау, бірақ мектеп ашсақ, жұрт не дейді, өз баласы Абай үшін ашып жатыр демеі ме?» – деп, ағынан жарылды ұстаз. Әрине, ондай ой болмағанмен, өмірдің сәті солай келіп қалғанын да ой елегінен өткізіп, жоғарыда айтқан «Өзімді жаман дегізбесем екен» дегенге жеңдірген екен. Абай айтқандай, бұл да ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі екен.

Кейін естеліктерді оқып отырсам, Мұхтар ағада «Шіркін, медресе ашып, Абай сияқты балаларды оқытса ғой» деген арман да болған екен... Бұл арманын сол күзде өзімен қоса ала кетті...

Айболған Кенжеғұлова,
педагогика ғылымдарының
кандидаты, доцент

МҰХТАР АҒА АРЫННЫҢ ФИЗИКАДАҒЫ БАСТАМАСЫ

Ең алғаш Мұхтар ағамен ресми кездескенім қазіргі институттың бас гимнатын іске қосу жұмыстары қызу жүріп жатқан 1984 жылдың тамыз айы болатынды. Жұмысының қауыртығына қарамастан сабырлы келбетімен қабылдағанымен, әралуан терең ой құшағында отырғанын байқадым. Эстониядан келдім дегеннен болар, алдымен әңгімесін орысша бастады да, іле-шала қазақша ауысты. Ол кезде кабинетте қазақша сөйлесіп ресми мәселелерді шешу өлшемі жоқ үлкен ерлік.

Алғашында көз әйнегінің астынан қараған көз жанары тұла бойыма суық ызғар самалын сепкенмен, мән-жайымды толық жеткізгеннен кейін, ҚазПИ-дің

физика мамандығын бітіргенімді және аспирантураны да сонда, Әбдісадықов Төкеш ағайдың жетекшілігінде болғанымызды, қазір Тарту университетіне диссертациямды қорғауға тапсырып келе жатқан бетім, осыдан Ойыл ауданындағы Саралжын совхозына жол жүремін дегеннен кейін бойында өте ыстық бауырмалдылық, тіпті ризашылық пен мақтаныш пайда болды. Саралжында еке-шешем, отбасым тұратындығын, кішкентай балаларымның барлығын айтып, ойымды қысқа қайырганыма қанағаттанбаған Мұхтар аға шер тарқата әңгімеге баулытын қасиетімен барлық мәселеге егжей-тегжей сұрақтарын қойып, арасында ойға да кетіп қалып отырды. «Айналайын, қазіргі таңда бізде бірде-бір қазақтан кандидат наук физик жок. Сондықтан мен саған сенім артып отырмын, мені ұятқа қалдырмай диссертацияңды тез арада қорғау сенің міндетің», – деді. Әңгіменің тоқ өтері, ол кісінің кабинетінен физика кафедрасына аға оқытушылық қызметке қабылданып шықтым.

Қуанышбек Шүңкеев,
физика-математика ғылымдарының докторы, профессор

ІЗГІЛІКТІ ОЙДЫҢ ШЫРАҒЫ

...Біздің пайымдауымызша, күнгей мен көлеңке секілді, адамдарда әртүрлі мінез, іс-әрекеттер, қырлары болады. Тағдыр нәсіп еткен сананың арқасында пенде-адам осылардың ара салмағын айқындайды, өз жүрегінің, жан жүйесінің сілтеуімен әрекет етеді, ғұмыр кешеді. Сондай жүрек қалауымен халық игілігі үшін қызмет атқарған бірегей азамат Мұхтар Ғалиұлы еді.

Ол кісі ұлы шайыр Абайдың іліміне ғашық еді. Абайды кейінгі ұрпақ жас буынға таныту жолында ұланғайыр еңбек етті. Абай танымын өзінің соңғы жылдарындағы еңбек жолының кредосы етті.

Абат Пангереев,
филология ғылымдарының докторы, профессор

ҰСТАЗ. КЕЛБЕТ. ПАЙЫМ

1992 жыл. Сол кездегі Ақтөбе педагогикалық институтының Қазақ филологиясы факультетінде білім алып жүрген екінші курс студенттеріміз. Бір күні институт ректоры Мұхтар Ғалиұлы Арынның студенттермен кездесу өткізетіні туралы хабар алдық. Ол уақытта бүгінгідей зәулім Студенттер сарайы да, кең лектік залдар да жоқ еді. Соған қарамастан, дәріс өтетін үлкен аудиторияға жиналып, Мұхтар Ғалиұлын тағатсыздана күтіп отырдық.

Біраздан кейін аудиторияға ірі денелі, байсалды, сабырлы, көзәйнек таққан, парасатты ғалым кіріп келді. Біз орнымыздан тұрып сәлем бергенімізде, ректор алдымызға келіп:

— Сәлеметсіздер ме, студенттер! Қалдарыңыз қалай? — деп жылы амандасты.

Одан әрі ашық қоңыр дауысымен жағдайымызды сұрап, білім мен тәрбие жайында тағылымды әңгіме өрбітті. Сол кезде Мұхтар Ғалиұлы Арынның студенттерге айтқан ақыл-кеңесі әлі күнге дейін жадымызда сақталып қалыпты:

— Айналайындар, сіздердің басты мақсаттарыңыз — оқу. Сондықтан сабақты жақсы оқып, өз іс-әрекеттеріңізге әділ де адал болып, жауапкершіліктеріңіз жоғары болуы керек, — деген еді.

Қазір ойлап қарасам, ғалымның көз алдымда қалған нар тұлғасы, терең пайым-парасаты, жастарға айтқан сол бір ауыз ақыл-кеңесінің өзі біздің үлкен өмірге қадам басуымызға, алған білімімізді шыңдауымызға, кәсіби білікті маман болып қалыптасуымызға ықпал етіп, рухани азық болған екен.

Ару Таганова
Психология және арнайы педагогика кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты

ҰСТАЗҒА АРНАУ

Майталман Ғалиұлы Мұхтар аға,
Ұлылық тарап Сізден айналаға,
Халқымды биіктерден көрсем деген,
Тілеңіз ұнап еді адамзатқа.
Ақыл, қайрат, жүректі тең ұстаған,
Ризашылық білдірдіңіз дана Абайға.
Ыбырай жолыменен жүріп өтіп,
Нар қазақ атандыңыз дүйім жұртқа.
Таразысы бойында өлшем болған.
Қазылығы ойында шешім берген.
Жұбанов жастарына үлгі болып,
Жарқырап тұрсыз төрде Мұхтар аға!
Бес анық Сізден жеткен табәрік бір,
Бес қаруға баладым, қолға алып дүр,
Бейбіт күнде ойға алып, шындалсаң бір,
Ұлттық рухты сақтаушы, қалқаның бұл.

Таңертең сабағымға келгенімде,
Ұмытпай сәлем берем тоқтап Сізге.
Қалауыңыз еске түсіп осы сәтте,
Танымымды шыңдайды биіктерге.
Берілді уақыт бізге ұтасың деп,
Шәкірттерге еске салу парыз бізге.
Ұлттық болмыс, сана, рух жаңарады,
Сіздей жанның бейнесін көрген кезде.
Ұстазым дара туған, дана туған!
Ақтаймыз үмітіңізді ойға алған.
Ұстазын іздеген шәкіртіңіз,
Бір белгісі болсыншы сөзден өрген.

Гүлім Елеусинова,
Жалпы педагогика және білім берудегі менеджмент кафедрасының доценті

Баспаға әзірлеген
А.М. Таганова
Психология және арнайы педагогика кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты
Г.Елеусинова
Жалпы педагогика және білім берудегі менеджмент кафедрасының доценті